

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Зейнолла Халидоллаұлы Кәкімжановқа қаражат өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 6 ақпан N 20-ө

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Зейнолла Халидоллаұлы Кәкімжановтың Қазақстан спорттық делегациясының жетекшісі ретінде 2003 жылғы 1-8 ақпан кезеңінде Аомори қаласындағы (Жапония) V қысқы Азия ойындарына қ а т ы с у ы н а б а й л а н ы с т ы :

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Зейнолла Халидоллаұлы Кәкімжановқа қонақ үйде тұруға, тәуліктік және Аомори-Токио-Сеул-Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 032 "Жоғары жетістіктер спорты" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берілетін күнге белгілеген бағам бойынша толық көлемде валюталық қаражат бөле отырып, шығыстарын өтесін.

Премьер-Министр